

«БЕКІТЕМІН»

Мұнайлы ауданының білім бөлімінің
№9 «Бәйтерек» балабақшасының
директоры

М.У. Титанова

2020жыл

«БӘЙТЕРЕК» балабақшасының «Болашаққа бағдар»: «Рухани жаңғыру»
бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шараларының 2020-2021 оқу жылына
арналған жоспары

	Жұмыс мазмұны	Жұмыс түрі	Уақыты	Жауаптылар
1	1.Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбында баяндама 2. «Болашаққа бағдар»: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шараларының 2020-2021 оқу жылына арналған жоспармен таныстыру.	Қыркүйек	Баяндама жиын	Менгеруші Әдіскер Балабақша педагогтері
2	«Рухани жаңғыру» бұрышының ашылуы	қараша	Ашылу салтанаты	Менгеруші Әдіскер
3	«Тәуелсіз Қазақстан!»; «Жайнай бер, туған өлкем!» Тәуелсіздік күніне арналған шаралар	желтоқсан	Тақырыптық оқу қызметтер.	Әдіскер Топ тәрбиешілері
4	«Рухани жаңғыру –туған жер тұтастығы мен ел болашағы» көрме ұйымдастыру	ақпан	Көрме	Әдіскер Топ тәрбиешілері
5	1. «Жыл басы-Наурыз» «Әжелердің бесік жыры»	наурыз	Ертеңгіліктер	Әдіскер Топ тәрбиешілері
6	Ұлы Жеңістің 75 - жылдығына ішке тыл ардагерін шақыру мереклік шара ұйымдастыру 3. Жылдық қорытынды	мамыр	Мереклік шара Жиын	Әдіскер.Ф. Душатова

Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру»

Мақсаты: Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласынан туындайтын міндеттері жүзеге асыру

Рухани жаңғыру мен жаңаруда болашақ мамандардың кәсібі құзыреттілігін бәсекеге қабілеттілігін арттыру

Ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдау

Үш тілде білім беру, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне жоспарлы енгізу жұмыстарын жүргізу.

Міндеттері: Балаларды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу міндеттерін іске асыру «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының арнайы жобаларын ескере отырып жалғастыру. Мектепке дейінгі ұйымдарда 13 арнайы жобалардан балалардың жас ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып, «Туған жер», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» бойынша жобалау әрекетін ұйымдастыру. Елбасы мақаласында қарастырылған ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру;

Баяндама

**Тақырыбы: «Болашаққа бағдар - «рухани жаңғыру»
бағдарламасы»**

Оқыған: М.У. Титанова

29.09.2020ж

2020-2021 оқу жылы

Болашаққа бағдар - «рухани жаңғыру» бағдарламасы

«Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады».

(Н.Ә. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»)

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Елбасының 2017 жылы 12 сәуірде жарық көрген осы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының негізінде жасалған. Онда ұлтымыздың жаңа тарихи даму кезеңінің негізгі мақсаттары көрсетілген, атап айтқанда: рухани және мәдени құндылықтарымызды сақтау және ұлғайту, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына ену. Осы мақсаттарға жету жолына бағытталған жобалар бағдарламада толық көрсетілген.

Қазақ тілінің латын әліпбиіне біртіндеп, кезең-кезеңмен көшуі туралы жобасы тіліміздің дамуына жаңа импульс беріп, оны әлемдік кеңістікке шығаруға, сөйтіп халықты тілімізді толық меңгеруге ынталандыруға арналған. Ал 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне толық көшетін боламыз: осы уақыттан бастап барлық жазбаша дүниелер – БАҚ беттеріндегі жарияланымдардан бастап, кеңселік іс қағаздарын толтыруға дейін тек қана латын тілінде жүргізілетін болады. Оған дейін ақырын үйреніп, кириллицадан латынға біртіндеп өтетін боламыз.

«Қазақ тілінде 100 жаңа оқулық» жобасы жастарға дүние жүзіндегі таңдаулы үлгілердің негізінде білім алуға мүмкіндік беруге, білім сапасын арттыруға және ұлттың өзіндік сана-сезімі мен оның тілін дамытуға бағытталған. Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда, «біздің әлеуметтік және гуманитарлық біліміміз ұзақ жылдар бойы бір ғана ілімнің аясында шектеліп, дүниеге бір ғана көзқараспен қарауға мәжбүр болдық». Міне, осы шектіліктен арылу үшін, тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология саласы бойынша әлемнің ең үздік 100 оқулығын қазақ тіліне аудару ұсынылып отыр. Бұл бағдарламаның нәтижесі 5-6 жылдан кейін – кітаптар студенттердің қолына тигеннен кейін өз жемісін бере бастайды, сол кезде отандық жоғары оқу орындарының түлектері халықаралық еңбек нарығында бәсекеге төтеп бере алатын болады деп күтілуде.

«Қазақстанның 100 жаңа есімдері» атты жобасы еліміздің түкпір-түкпірінен әртүрлі жастағы және әртүрлі ұлттардың өкілдері арасынан жоғары жетістіктерге жетіп, отандастарына үлгі боларлық тұлғаларды дүйім жұртқа таныстырады. Осы жобаға енетін 100 жаңа есім қазіргі Қазақстанның бетке ұстар бейнесі ретінде алынады.

«Қазақстанның киелі географиясы» атты жоба еліміздің тарихи-мәдени және символикалық киелі негіздеріне сүйенеді. Бұл жобаға жататын қасиетті орындар – елде туризм индустриясын дамытуға, сөйтіп халықты киелі жерлерге тартуға арналады. Сонымен қатар Елбасы өз мақаласында республикада жаппай спортты дамыту мәселелеріне де көбірек көңіл бөледі. Осы орайда аталған «Туған жер» жобасы елдегі әлеуметтік маңызы зор мәселелерді шешуге, азаматтарды өздері тұратын елді мекендерді абаттандырып, өлкені жандандыруға, дамытуға, сөйтіп жалпы қоршаған

«Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы ұлттық мәдениетіміздің озық үлгілерін шетелге таныстыру жүйесін қолға алуды көздейді. Шын мәнісінде қазіргі заманғы қазақстандық мәдениетті мазмұндық жағынан да, қалыптық жағынан да ілгері дамытуға бағытталған. Осы орайда алдымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шетелдік қауым назарына ұсынылып, 2017 жылы 17–19 қазан күндері UNESCO-ның Париждегі штаб-пәтерінде онымен таныстыру рәсімі өткен болатын. Осы шара аясында шетелдік көрермен қазақстандық мәдениеттің әртүрлі бағыттарымен танысып, көптеген мәдени іс-шараларды тамашалады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы заманауи тәуекелдіктер мен жаһандық талаптарды ескере отырып, ұлттың рухани құндылықтарын жаңғыртуға, сондай-ақ Қазақстанның заманауи әлемдегі басекелік қабілеттілігін арттыруға, ұлттық сәйкестікті сақтауға, азаматтардың мәдени білімін және сана-сезімінің жоғары екендігін дәріптеуге бағытталған. Міне, осы сапалардың барлығы қазақстандықтар сүйенетін негізге, тірекке айналуы тиіс. «Рухани жаңғырту» бағдарламасы қоғамды шоғырландыруға, зиялы қауым мен жастарды, барлық ұлт өкілдерін Елбасы жариялаған жарқын идеяның айналасына біріктіруге мүмкіндік береді. Бағдарламаның барлық бағыттарын іске енгізу әлеуметтің, ғылыми-эксперттік қауымдастықтардың, азаматтық қоғам өкілдері мен жастардың белсенді түрде атсалысуымен жүзеге асады.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жарық көріп, оның негізінде арнаулы бағдарлама қабылданып, «Бәйтерек» балабақшамызда бағдарлама аясында бірқатар жұмыстар атқарылып келеді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты мақсаты – сана-сезімімізді, ұлттық дәстүрімізді, ұлттық құндылығымызды одан әрі дамыту. Ұлттық құндылықтарымызды ұмытпай, жаһандық жаңашылдыққа жетелейтін бастама. Қазіргі қоғамға көзқарасы қалыптасқан зерделі де, зерек тұлға тәрбиелеу. Ең бастысы - жас ұрпақ бойында Отанға, туған еліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру. Жастар тәрбиесіндегі басты ұстаным өзін - өзі басқаруға мүмкіндік беріп, еркіндікті, сөз бостандығын, пікір бостандығын сездірту, олардың ұстанымдарымен санасу.

Елбасы рухани жаңғырудағы ұлттық сананың рөліне баса назар аударып, бірнеше міндеттерді айқындап берді. Бағдарлама 6 бағыттан тұрады.

- «Бәсекелік қабілет»
- «Прагматизм»
- «Ұлттық бірегейлікті сақтау»
- «Білімнің салтанат құруы»
- «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы»
- «Сананың ашықтығы»

Бағдарламаны іске асыру мақсатында балабақшамызда төмендегідей арнайы жобалар аясында жұмыстар жасалуда.

1. Туған жер
2. Ұлы даланың ұлы есімдері»
3. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы»



Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласымен таныстыруды жалғастырып, «Болашаққа бағдар - «рухани жаңғыру бағдарламасы» тақырыбында баяндама



«Болашаққа бағдар»: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшамызда өткізілетін іс-шараларының 2020-2021 оқу жылына арналған жоспарды ұжыммен бірге талқылады



«Болашаққа бағдар»: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шараның ақпараттама

Мекеме басшысы М. У. Титанова Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласымен таныстыруды жалғастырып, «Болашаққа бағдар - «рухани жаңғыру бағдарламасы» тақырыбында баяндама оқыды «Болашаққа бағдар»: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақшамызда өткізілетін іс-шараларының 2020-2021 оқу жылына арналған жоспарды ұжыммен бірге талқылады. Өзгерістер кіргізіп, жауапты мамандарды тағайындады. Баяндамада айтып кеткендей бөлімдерге бөліп, әр бір бөлімге тоқталып, кедергілердің шешімін табуы жауапты мамандарға тапсырды. «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды ғана емес, жалпы адамзаттың қадір-қасиеттердің мән-маңызын түсінетін жаны да, тәні де таза, білімді, жан-жақты мәдениетті азаматтар болуын тәрбиелеуге міндеттіміз» - деп Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен жиналысты аяқтады

Әдіскер:



А. Шангреева

29.09.2020ж

«Рухани жаңғыру» бұрышының ашылуының ақпараттамасы

2020 жылдың 22-ші қарашасында балабақша ішілік «Рухани жаңғыру» бұрышы ашылды. Сонымен қатар кабинеттер жасақталды.

«Мен көздеген жұмыстарымыздың бәрі дер уақытында және барынша тиімді жүзеге асарына сенімдімін. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады». – деп Н.Ә. Назарбаевтың айтқанындай жаңадан ашылған балабақшамыздағы «Рухани жаңғыру» бұрышы да тәрбиеленушілеріміз және педагогтарымыз үшін, Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласынан туындайтын міндеттері жүзеге асыруда, рухани жаңғыру мен жаңаруда болашақ мамандардың кәсібі құзыреттілігін бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай отырып әлемде болып жатқан жаңалықтарды қабылдауда, үш тілде білім беру, жаңа технологияларды білім беру жүйесіне жоспарлы енгізу жұмыстарын жүргізуде тийімді болмақ

Елбасы мақаласында қарастырылған ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру, Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында жүзеге асырылып жатқан балабақша ішілік іс-шаралар арнайы жасақталған бөлмеде өтетін болды. «Рухани жаңғыру» аясында жасақталған әдіскер кабинетіде өз орнын тапты. Ол кабинетте педагог мамандарға керек көрнекіліктер, жоспар, бағыт-бағдар алатын материалдар жинақталып тұрады.

Әдіскер:



М. Ибадуллаева

22.11.2020ж



«Рухани жаңғыру» бұрышы





«Рухани жанғыру» аясында жасақталған әдіскер кабинеті



Ақпарат

2020 жылдың 14-сі күні Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіз Қазақстан!» тақырыбында ашық оқу қызметін ән-саз жетекшісі А. Юсупова «Таңшолпан» тобының тәрбиешісі А. Қалдыбаева өкізді.

Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпақ айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еліне, Отанына деген сүйспеншіліктерін арттыру.

Әже қонаққа келіп балалармен Тәуелсіздік, Отан, Рәміздер, Елбасы туралы сұраққа-жауап алысумен сабақты бастады. Әже балаларға өз ақылын айтып, Тәуелсіздік қалай келгенін қолындағы кітабынан көрсетіп түсінік берді.

Балалар Айя мен Әлиге тақпақтарын айтып, би билеп, ән салып берді. Соңында олармен ойын ойнап сабақты аяқтады.

Бүгінгі оқу қызметі қызықты өткізілді. Балалар өздері еркін сұрақтарға жауап бере алды. Тәуелсіздіктің маны-мағнасын түсініп өнеге алды.

«Елімнің еркіндігі -Тәуелсіздік» тақырыбындағы ертеңгілікті «Құлыншақ» топтың тәрбиешілері Ж. Бурхаева мен А. Избасарова және ән-саз жетекшісі А. Юсупова өткізді. Бұл ертеңгілікте де Тәуелсіздігіміздің 28 жылдық тойына арналған тақпақтар, әндер, билер билеп көңілді өтті. Педагогтар өз мақаттарына жете алды.

«Тәуелсіздік – ата-бабам аңсаған!» тақырыбындағы ертеңгілікті «Балауса» тобының тәрбиешісі Ж. Ғамышбаев өткізді.

Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. «Ұлы даланың ұлы есімдері»- бойынша жобалау әрекетін ұйымдастыру мақсатында желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға, тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске алу, олардың ерлігі жайында түсіндіру. Балалардың өткен тарихқа деген қызығушылықтарын ояту.

Бүгінгі ашық оқу қызметі, ертеңгіліктер жоғары деңгейде өткізілді.

Әдіскер



А. Шангреева

14.12.2020ж

«БЕКІТЕМІН»

Мұнайлы ауданының білім бөлімінің

№9 «Бәйтерек» балабақшасының

директоры

М.У. Титанова

«» желтоқсан

2020жыл



Тақырыбы «Тәуелсіз Қазақстан!»

(Тәуелсіздік күніне арналған ашық оқу қызметі)

Дайындағандар: А. Юсупова ән-саз жетекшісі

А. Қалдыбаева «Таңшолпан» тобының тәрбиешісі

2020-2021 оқу жылы

«БЕКІТЕМІН»

Тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстан!»

Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпақ айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еліне, отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Отанын, елін сүйуге тәрбиелеу.

Залға балалар қолдарына жалауша ұстап кіріп келеді.

Жүргізуші: Сәлеметсіздер ме, балалар, қонақтар, әріптестер! Бүгінгі 16-желтоқсан тәуелсіздік күніне арналған балабақшамыздағы мерекелік ертеңгілігімізге қош келдіңіздер!

Тәуелсіздік түскен жоқ қой аспаннан,

Тарихы оның тым ертеден басталған.

Бостандықтан құтқарам деп елімді,

Талай боздақ қара жерді жастанған.

Балабақшамыздың меңгерушісі Титанова Мариям Үсенқызына сөз береміз.

Әже: Амансыңдар ма, балаларым!

Әли: Әже, қолыңыздағы қандай кітап?

Айя: Сыртында бәйтеректің суреті бар екен!

Әже: Ия, балаларым. Бәйтеректің суреті! Сендер бәйтеректі қай қаладан көрдіңдер?

Әли: Астанадан әже.

Айя: Әкем мен анам бізді бәйтерекке апарды.

Әже: Солай ма?

Әли: Бәйтеректің үстіне көтерілдік!

Айя: Ол сондай биік.

Әли: Білесіз бе, әже, біз қаланың төбесінен қарадық.

Айя: Қала сондай әдемі!

Әже: Дұрыс айтасыңдар, құлындарым! Бәйтерек Астана қаласында орналасқан. Астана қаласы біздің еліміздің бас қаласы. Әлемде түрлі мемлекеттер бар. Соның ішіндегі біздің еліміз Қазақстан Республикасы. Қазақстанға биыл 28 жыл толды.

Айя: Ия, Қазақстанда мен тұрам.

Әли: Жоқ, мен тұрам.

Әже: Қойыңдар, құлындарым! Олай деуге болмайды. Мұны естіген басқа балалар ренжиді ғой. Қазақстанда миллиондаған адам өмір сүреді. Мына отырған балалар да Қазақстанда тұрады.

Жүргізуші: Ия, әже дұрыс айтасыз! Әлемдегі барлық мемлекеттердің өз елордасы, бас қаласы бар. Сол сияқты біздің еліміздің бас қаласы- Астана қаласы.

Слайд.

Әли: Әже, басқа бетін ашыңызшы.

Балалар: Көк ту, Елтаңба, Әнұран.

Әже: Ақылдарыңнан айналайын! Ал, сендер әнұранды айта аласыңдар ма?

Әли: Мен айта алам. Айтып берейінші.

Айя: Жоқ, мен де айта алам. Мен бірінші айтайыншы.

Жүргізуші: Әли, Айя келіңдер әнұранды бәріміз балалармен бірге айтайық.

Әнұран:

Әже: Жарайсыңдар, құлындарым!

Жүргізуші: Енді, балалар, Әли мен Айяның әжесіне тәуелсіздік туралы тақпақ айтып берейік.

Нұрдәулет: Тәуелсіздік жолында,
Талай-талай тер тамған.
Билігім өз қолымда,
Еркіндігім – Елтаңбам.

Махабат: Дүбірлеткен өңірді,
Дүбірлеткен дүлдүлі.
Қазақ деген елімнің
Құтты болсын бұл күні.

Санжар: Аралаймын алаңды,
Тәуелсіздік күнімен.
Батыр Қайрат ағамның,
Суретіне үңілем.
Он алтыншы желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеге ел тосқан,
Шыркатып ән салған күн.

Әйгерім: Он алтыншы желтоқсан,
Ел мерейі тасыған.
Қазақ деген қалың жұрт,
Бәрін кешті басынан.

Айида: Енді міне біз тәуелсіздік.
Басқалармен терезесі тең болдық.
Өрқашан да біз дайынбыз тайсалмай,
Отан үшін біз болуға құрбандық.

Альбина: Он алтыншы желтоқсан,
Тәуелсіздік алған күн,
Мерекеге ел тосқан,
Атамменен барғанмын.

Аян: Құтты болсын тәуелсіздік мерекеміз.
Мықты болсын еліміздің керегесі.
Жүректе намыс оты лапылдаған.

Әже: Жарайсыңдар, балалар!

Жүргізуші: Әже, біздің биші қыздардың әсем биін тамашалаңыз!

Әже: Кәне, тамашалайын. Айятай, кызым сен де бірге билей ғой.

Би: «Бәйтерек» биі.

Әже: Жарайсыңдар, менің Айя кызым да биші екен ғой, айналайын! Олай болса мен сендермен ойын ойнайын.

Ойын: «Қазақстанды гүлдендірейік»

Шарты: Қазақстанның картасындағы қалалардың әрқайсысында сұрақтар мен тапсырмалар берілген. Дұрыс орындалған тапсырмаға бір гүл қойып кетеміз. Осылайша Қазақстанды гүлдендіреміз.

Жүргізуші: Балалар, жарайсыңдар! Қазақстанды керемет гүлдендірдіңдер! Келіңдер енді «Қазақстан» әнін орындайық.

Ән: «Қазақстан»

Әже: Міне керемет! Балалар Қазақстан туралы ән де біледі екен!

Жарайсыңдар!

Жүргізуші: Ия, біздің балалар әнді де такпақты да жақсы айтады. Кәне, такпак айтып берейік.

Гүлжайна. Актілек. Еркебұлан. Бекзат.Мерген. Бану. Ермек

Сандуғаш: Тәуелсіздік елдеміз

Қуанамыз күнде біз.

Ата-бабам қалдырған,

Қазақтың біз батырымыз сенсеңіз.

Тәуелсіздік еліміз,

Мәңгі жасар жеріміз.

Тәуелсіздік жасаған,

Аға, әпкелеріміз.

Актілек: Қайраттай қайсар ұлдардың

Жанымен келген еркіндік.

Жазира мен Ляззаттың

Арымен келген еркіндік.

Қасірет пен қайғының

Бәрімен келген еркіндік.

Еркебұлан: 20жыл, 20жыл азаттық,

Өзімізді құрсаудан да босаттық.

Ақтадық біз ата-баба үмітін,

Қолда қазір көк ту мен бостандық.

Бекзат: Он алтыншы желтоқсан,

Тәуелсіздік алған күн!

Ерекше боп мәңгілік,

Ел жадында қалған күн!

Мерген: Әр қазақтың есінде сақталады.
Желтоқсандық өрендер ақталады.
Ел намысын қорғаған сарбаздарым,
Ерліктерің мәңгілік сақталады.

Бану: Желтоқсанның қанды суық ызғары,
Қалың әскер қазағымды қорлады.
Тәуелсіздікті қолдаған жастардың,
Отан үшін табандары тозбады.

Жүргізуші: Келесі кезекте балаларымыздың орындауында ән!

Ән: «Атамекен».

Жүргізуші: Әже, Әли, Аяя біздің балалардың өнерлері сіздерге ұнады ма?
Әже: Ия, өте өнерлі балалар екен! Жарайсындар, балалар! Сендер тәуелсіз еліміздің болашағысыздар! Аспанымыз ашық, жұртымыз тыныш болсын! Қазақстанмен бірге тәуелсіз еліміздің ұрпақтары да өсе берсін. Сау болындар, балалар! Жүре ғой Әлижан, жүре ғой Аятай!

Жүргізуші: Бүгінгі ұрпақ болар елдің ертеңі, бүгінгі тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстан» атты мерекелік кешіміз өз мәресіне жетті.

Қазақ елім! Туды жастық дәуірің.

Алғандайсың жұлдызыңның жарығын.

Тәуелсіздік құтты болсын қымбаттым,

Туған күнің құтты болсын, алыбым!

Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын деп тілейік, ағайын! Келесі кездескенше сау саламатта болыңыздар!



«БЕКІТЕМІН»

Мұнайлы ауданының білім бөлімінің

№9 «Бәйтерек» балабақшасының

директоры  М.У. Титанова

«12» желтоқсан 2020жыл



Тақырыбы «Жайнай бер, туған өлкем»

(Тәуелсіздік күніне арналған ертеңгілік)

Дайындағандар: А. Юсупова ән-саз жетекшісі

Ж. Бурхаева

А. Избасарова «Құлыншақ» тобының тәрбиешілері

2020-2021 оқу жылы

Мұз жастанып азаттықтың жолында,

Тәуелсіздік туы тұрды қолында

Жеңіп шықты, бас имеді, қасарып,

Сойыл таяқ ойнаса да жолында.

Желтоқсан-ау, ұмытылмайсың жүректе

Ұрпақ өсер айналатын тірекке,

Егемендік тиді міне еншіме,

Желтоқсаным, жеткіздің ақ тілекке.

Тәуелсіздігімізді баянды болсын дей отырып, кішкентай бүлдіршіндері ертеңгілімізді әнұранмен ашады. Әнұран айтылады.

Жүргізуші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Енді кезекті бүлдіршіндеріміздің тақпағына берейік.

1. Отан-жерім, Отан-суым,

Отан қуат, нәр береді.

Отан-ұран, Отан –туым (Нұрдаулет)

Отан мәңгі гүлденер.

2. Елдігімнің реңі,

Тәуелсіздігімнің тірегі

Мүддесінен халықтың.

Ажырамас бір елі,

Алтын заңым – арай таңым

(Әнес)

3. Маған қымбат ұлы елімнің,

Шешек атқан әр гүлі

Аялайды бәрімізді,

Азаттықтың таң нұры.

4. Сарыарқаның даласындай,

Күн шуағын төккен күн.

менің елім, жерім менің.

Бакқа колы жеткен күн.

(Мадина)

5. Әр қазақтың есінде сақталады,

Желтоқсандық өрендер ақталады.

Ел намысын қорғаған сарбаздарым,

Ерліктерің мәңгілік сақталады.

(Нұрсая)

Жүргізуші: Келесі кезекті әнге берейік.

Ән : «Желтоқсан желі»

1. Желтоқсан бірде,

Ел тосқан түрде,

Келетін мүлде жайдарлы.

Сол жылы бірақ,

Әдеттен жырақ,

Көрінді шын-ақ айбарлы.

Қайырмасы

Тондырды мені

Тондырды сені
Желтоқсан желі ызғарлы.
Солдырды гүлді
Оңдырды нұрды,
Көңілді мұнды із қалды.
3.Жоғалтып нуын
Жоғалтып қуын,
Аралда суын тауысты.
Қаңырап мекен,
Аңырап бөкен,
Өріске бөтен ауысты.

Жүргізуші: Біз бүгін Тәуелсіздігіміздің 28-жылдығымызды мерекелеп жатырмыз. Осымен бүгінгі ертеңгілігіміз өз мәресіне жетті, бүгінгі Тәуелсіздік мерекесімен тағы да барлықтарыңызды шын жүректен құттықтаймыз.

Сіздерге отбасыңызға амандық дендеріңізге саулық, осы балапандарымыз Қазақстанымыздың туын желбірететін, биік шыңынан, көрінетін азамат пен азаматша болуына тілектеспіз.



Ақпарат

2020 жылдың 12-сі күні Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіз Қазақстан!» тақырыбында ашық оқу қызметін ән-саз жетекшісі А. Юсупова «Таңшолпан» тобының тәрбиешісі А. Қалдыбаева өкізді.

Мақсаты: Балалардың Отаны, Рәміздері, Елбасы, Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін молайту. Мәнерлеп тақпақ айтуға, сахналық көріністерді көрсетулер арқылы еліне, Отанына деген сүйспеншіліктерін арттыру. Әже қонаққа келіп балалармен Тәуелсіздік, Отан, Рәміздер, Елбасы туралы сұрақ-жауап алысумен сабақты бастады. Әже балаларға өз ақылын айтып, Тәуелсіздік қалай келгенін қолындағы кітабынан көрсетіп түсінік берді. Балалар Аяя мен Әлиге тақпақтарын айтып, би билеп, ән салып берді. Соңында олармен ойын ойнап сабақты аяқтады. Бүгінгі оқу қызметі қызықты өткізілді. Балалар өздері еркін сұрақтарға жауап бере алды. Тәуелсіздіктің маны-мағнасын түсініп өнеге алды.

«Тәуелсіздік Қазақстан» тақырыбындағы ертеңгілікті «Құлыншақ» топтың тәрбиешілері Ж. Бурхаева мен А. Избасарова және ән-саз жетекшісі А. Юсупова өткізді. Бұл ертеңгілікте де Тәуелсіздігіміздің 29 жылдық тойына арналған тақпақтар, әндер, билер билеп көңілді өтті. Педагогтар өз мақаттарына жете алды.

«Жайнай бер, туған өлкем!» тақырыбындағы ертеңгілікті «Балауса» тобының тәрбиешісі Ж. Ғамышбаев өткізді. Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. «Ұлы даланың ұлы есімдері»- бойынша жобалау әрекетін ұйымдастыру мақсатында желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға, тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске алу, олардың ерлігі жайында түсіндіру. Балалардың өткен тарихқа деген қызығушылықтарын ояту.

Бүгінгі ашық оқу қызметі, ертеңгіліктер жоғары деңгейде өткізілді.

Әдіскер



А. Шангреева

12.12.2020ж

«БЕКІТЕМІН»

Мұнайлы ауданының білім бөлімінің
№9 «Бәйтерек» балабақшасының
директоры *М.У. Титанова*

« *ақпан* » 2021 жыл



Көрме

Тақырыбы «Рухани жаңғыру –туған жер тұтастығы мен ел
болашағын ойлаған тұлға



Дайындағандар: А. Юсупова ән-саз жетекшісі
Ж. Ермекова -жүргізуші

2020-2021 оқу жылы

Ақпарат

№ 9 «Бәйтерек» балабақшасында 2021 жылдың ақпан айының 12-ші жұлдызында «Рухани жаңғыру –туған жер тұтастығы мен ел болашағын ойлаған тұлға» тақырыбында балабақша ішілік көрме ұйымдастырылды

Мақсаты: «Ұлы даланың жеті қыры», «Туған жер», «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын орындау, татулық сынды қазақстандықтар үшін құндылықтарды нығайту, шығармашылық жұмысқа баулып, бірлік, бейбітшілік, олардың рухани дамуына әсер ету және балалардың ата-аналарын байқауларға белсенді түрде қатыстыру.

Байқауға барлық топтар, ата-аналар қатысты, жұмысты қиындығына, түсінің қанықтығына, орындалуына және тақырыпқа сай келуіне қарай бағалады Қазылар алқасы ерекше көзге түскен жұмыстарды таңдап алып тәрбиешілерді, ата-аналарды және бұлдіршіндерді марапаттады

Әдіскер




М. Ибадуллаева

12.02.2021ж

«БЕКІТЕМІН»

Мұнайлы ауданының білім бөлімінің

№9 «Бәйтерек» балабақшасының

директоры  М.У. Титанова

«15» наурыз 2021 жыл



Тақырыбы «Жыл басы-Наурыз»

(Наурыз мреkesіне арналған ертеңгілік)

Дайындағандар: А. Юсупова ән-саз жетекшісі
Г. Рөвшенова, Ж. Ермекова

2020-2021 оқу жылы

Мақсаты: Қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту. Оқушылардың ойлауын дамыта отыра, ой қиялын, өрісін, іздену негіздерін дамыту. Оқушыларды ұлтжандылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі мен жабдығы: Интерактивті тақта, кестелер, шарлар, қанатты

Жүргізуші: Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Наурыздың 22-де күн мен түн теңеледі, қыс өтіп көктем келеді. Тіршілік басталады. Қазақ халқы үшін үлкен мейрам – Жаңа жыл Наурыз мерекесі.

Кел, балалар ойнайық,

Наурыз тойын тойлайық..

Баянды боп мереке,

Қыр гүліндей жайнайық..

2-жүргізуші:

Сондықтан біріншіден Наурыз тепе-теңдік мерекенің негізгі арқауы, мәңгі деп есептелген.

Құрметті қонақтар, балалар,

Көктемнің тамаша мерекесі,

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз құтты болсын.

Әр шаңыраққа береке, бірлік, мәртебе келсін.

Наурыз — жыл басы, күн мен түннің теңескен кезеңі.

Наурыз мерекесі — өткенге салауат айтып, келер күннен береке тілеп, ақ көңіл, адал жүрек адамдарды табыстыратын қасиетті мейрам. «Бірлік болмай, тірлік болмас», — деп дана халқымыз бекер айтпаса керек. Наурыз – еліміздің баянды бірлігі мен ұйыған татулығының мерекесі. Кең даланы самал желмен желпіген жаймашуақ Наурыз халқымызға бақыт пен шаттық, тыныштық пен бейбітшілік алып келсін!

- Балалар, қазақтың есебінде жылдан үлкен мүшел деген бар. Мүшел он екі жыл болады. 1-ші мүшел 13 жастан басталады. Сол жылдар он екі түрлі хайуанның атымен аталады. Олар: жыл басы – тышқан, сиыр, барыс, қоян, ұлу, жылан, жылқы, қой, мешін, тауық, ит, доңыз. Бұрынғыдан қалған сөздер бойынша сол хайуандар жыл басы болуға дауласыпты: Жыл он екі ай көрінісін тамашалайық.

(Ортаға әр хайуан болып оқушылар шығады.)

Наурыз мейрамы- өте ерте заманнан бері халықтар тойлап келе жатқан тұрмыстық мереке. Ол парсымыз «Наурыз» жаңа күн деген сөзінен шыққан. Бұл жөнінде халқымыздың кемеңгер ұлдары Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынов біршама деректер жинаған. Күн мен түн теңелген, мал төлдеп, адамның аузы аққа тиген, жер бусанып, малдың аузы көкке тиген ырыстың басын қазақ елі – «Ұлыстың ұлы күні»- деп атайды екен. НАУРЫЗ – жаңа жылдың басы, шығыс күн тәртібі бойынша. Ұлыстың ұлы күні. Жаңа жылдың бірінші күні. Және де бұл күн мен түннің теңескен күні. Наурыз мейрамы бір ай тойланады. Қазақтар бұл күндері бір-бірін жаңа жылмен құттықтап, қонақ шақырады. Әр-түрлі ойын-сауықтар, байыр-көкпен және жерлермен ұйымдастырылады. Чашырауы

неғұрлым жақсы қарсы алсаң, соғұрлым жаңа жыл жақсы болады деген салт бар. Әр үйде неше түрлі тамақ дайындалып, наурыз көже пісіріледі. Тамақтың алдында аруақтарға арнап молда міндетті түрде құран оқиды. Ең соңында үйдегі ең үлкен кісі, жаңа жылды жақсылыққа жорып бата береді.

Демек балалар, Наурыз мерекесі қандай мереке екен?

Абзал: Наурыз- күні жаңарудың,өсудің, түлеудің басы.

Нұр: Наурыз күні имандылық мереке.Алдына келген атанның құны болса да кеш.

Ұлданай: Наурыз көктем мерекесі, еңбек тойы, ырыс молшылық бастауы.

Аружан: Наурыз мерекесі мейірімділік,қайырымдылық мейрамы.

1- жүргізуші:

Ұлы күні кәрі- жас,

Құшақтасып көріскен. Жаңа ағытқан қозыдай,

Жамырасып өсірген. Наурыз той құтты болсын!

Бәрі:- Наурыз келсе,құт келгені, халайық!

Есік ашып,шашу шашып,

Ел боп қарсы алайық..

2-жүргізуші:-

Зарыға күткен жаңа жылым да, Наурызым келді – ау!

Жаңа жылым жарылқа,ескі жылым есірке. Ұрпақтарым аман ет.

Жамандық әрі кет,әрі кет. Алас,Алас! Бар бәледен қалас.

Наурыз батырым келе ғой! Ортаға Наурыз батырды шақырамыз.

Наурыз батыр кіріп келеді.

Сәлем Анам алтын күн, Нұр шуаға халқымның.

Ашық болсын аспаным, Аман болсын жас – кәрің.

Жыл иесі тышқаным, Құт иесі тышқаным,

Бақыт әкел еліме Құт – береке молшылық

Дари берсін жеріме

- Балалар, Ұлыстың Ұлы күні адамдар бір-бірімен қалай амандасады?

Ақжүніс: Наурыз құтты болсын, Өмір-жасың ұзақ болсын!

Ағаділ: Ұлыс бақты болсын, Төрт түлік ақты болсын!

Гүлмарал: Ұлыс береке берсін, Пәле-жала жерге енсін!

Айда: Жаңа жыл құтты болсын!

Асылжан: Құтың құтты болсын, Құт дарысын!

- Балалар, Наурыз қандай мереке екен?

Әділет: Наурыз той салтымыз, Көгерсін деп халқымыз Көшеге тал егеді.

2 – жүргізуші: Жыр сыйлаған,нұр сыйлаған тіршілікке,

Құтты болсын қуанышың Ару көктем,

Шақыратын бәрімізді бірлікке.

1. Ендеше Көктем аруды ортаға шақырайық.

Көктем Ару. Әсел: - Армысыздар халайық,
Бармысыңдар халайық,
Наурыз тойын жұп жазбай,
Жылда қарсы алайық.

Балалар, Ұлыс күні ақ мол болсын, береке-бірлік болсын деген ниетпен міндетті түрде қазан көтеріледі. Наурызнамаға наурыз көже дайындалады. Ол кемінде 7 түрлі тағамнан дайындалуы керек деген түсінік бар. Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар – деген түсінік бойынша қазан мейлінше толы болу керек. Енді сендер балалар, осы наурыз көженің құрамына кіретін жеті түрлі дәм тағамға нелер жататынын білесіңдер ме?

2. **Әсел:** Халқымызда барлық сүт тағамдарын ақ дейтіні белгілі. Олай болса, наурыз көженің бірінші дәмі ақ құрт болып табылады.

Ұлжан: Наурыз көженің екінші дәмі –қызыл ет.

Рауан: Тұзды қасиетті қара дәм, қарабас тұз дейтінін білеміз, үшінші дәм- тұз.

Е.Арман : Көктемде тасыған су жер-дүниені көк толқын ететіні белгілі. Су- тіршіліктің көзі. Біздің наурыз көженің төртінші дәмі – көк су.

Әділет: Май өзінің сарылығымен ғана емес, халқымыздың «ең асылын» сары майдай сақтайтынымен белгілі. Наурыз көженің бесінші дәмә-сары май.

Аружан: Жерден өсетін өнімдердің бәрін жасыл өсімдіктің дәні деп түсінеміз. Наурыз көженің алтыншы дәмі-түктеліп, бөрттірілген бидай.

Нұрдәулет: Наурыз көжеге қосылатын тағы бір тағам-ұн кеспе.

- Балалар, Наурыздың өзіне тән салт-дәстүрлері, рәсімдері болған. Ал, кәне сол рәсімдерді айтып көрейік.

Ақмарал: Балалар, қыздар жаңа киімдеріне байғазы, көрімдік сұрайды, үлкендер байғазы береді.

Жанель: Өкпелеп жүрген бір-біріне реніші бар ағайын-туғанды бұл күні басқа жұрт татуластырады. «Ағайынды алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді».

-Бұл күні наурыз тілектер айтылады. Енді наурыз тілек айтып көрейік.

Олжас: «Ұлыс оң болсын!»

Бексұлтан: «Ақ мол болсын!»

К.Арман: «Қайда барса, жол болсын!»

Бәрі: Жарқыраған жыл нұрды, Жаса, Наурыз дәстүрлі!

3. Балалар, наурыз тойында ұлттық ойындар ойналады. Қандай ұлттық ойындарды білеміз?

Ендеше қазір «Арқан тартыс», « Ұлдар білектесу», «Жаяу тартыс» ойындарын ойнайық.

Наурыз туралы қандай өлең білеміз? Наурыз айы туғанда

Той болушы еді бұл маңда

Сақталушы еді сыбаға

Сөздерге қосқан үлкендер

Наурыз айы туғанда!!!

4. Наурыз тойы әнсіз, бисіз өтпеген. Енді өз өнерімізді көрсетейік.

1. жүргізуші . Би: Қара жорға

2. жүргізуші . Ән: Бесік той.

3. жүргізуші. Би: Қуыршағым

2. жүргізуші . Ән: Дастарқан

3. жүргізуші . Би: Киіз бас

1-жүргізуші: : Ұлы күні кәрі- жас,

Құшақтасып көрі

Жаңа ағытқан қозыдай,

Жамырасып өрістен.

Шалдар бата беріскен,

Сақтай гөр деп керістен.

Кел, таза бақ, кел ! –десіп,

Ием тілек бер –десіп,

Қызыр баба сізден бата сұраймыз.

5. Біз қазақ халқы Наурыз айының 22- сі күні жаңа жылды қарсы алады екенбіз.Бұл күні күн мен түн теңеліп, даланы Қызыр баба аралайды екен деген сөз бар.

«Батам, батам батпасын, батам жерде жатпасын » деп атамызды ортаға шақырамыз.

Наурыз бата /Мәди/

Наурыз айы оң болсын, Ақ пен астық мол болсын!

Баршаңызды аруақ жебеп, Қайда барсаң жол болсын!

Айдан аман сақта, Жылдан есен сақта!

Алла қолдап халқымды, Жүздеген қатерден сақта!

Ұлыс күні береке берсін, Дұшпандарың жерге енсін!

Бақ пен дәулет қабат қонып,

Ұрпақтарың өсіп-өнсін!

Абыройлы беделді болып,



Ризық, неселелерің арта берсін!

Аллаһу Акбар!

- Наурыз құтты болсын!!! Барлықтарыңызға жақсы көңіл-күй, ашық аспан тілеймін!

Өмірлеріңізде қуантатын сәттер көп болсын!!

«Наурыз – жыл басы»



«БЕКІТЕМІН»

Маңғыстау облысының білім басқармасының
Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің
№9 «Бәйтерек» бөбекжайы» жедел басқару
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорнының
директорының м а



М.У. Титанова

2021 жыл

Тақырыбы «Бесік жыры»

(Наурыз мерекесіне арналған ертеңгілік)



Дайындағандар: А. Юсупова ән-саз жетекшісі
А. Бөлегенова Ж. Ермекова

2020-2021 оқу жылы

Бесік жыры — тұрмыс-салт жырларының көне түрімен таныстыру, жаңғырту; бесік жырын барша халық ұлттық тәрбиенің кәусар бұлағы деп таныту, бесік жырының басты қызметі — бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру. Ана мейіріміне толы өлең жолдарымен басталып, баланы жұбататын, алдандырып тәтті ұйқыға батыратын шумақтарды тыңдап, балалық сезімді сезіну.

Көрініс:

Әкесі: — Саламатсыз ба, қария! Мына бесігіңіз қанша тұрады?

Қария: — ә, шырағым, ала ғой. 20 мың теңге.

Әкесі: — қойыңыз, ол қымбат емес пе, атай? 15 мыңға беріңіз.

Қария: — әй, көргенсіз, бесіктің бағасын ешқашан саудаламайды қазақта.

Әкесі: — ой, қария, сіз ренжімеңіз, шынымен қымбатсып тұрмын.

Қария: — балам, есінде болсын: бесікті саудаламайды. Айтқан бағасына алып жүре береді.

Әкесі: — қымбат болса ше?

Қария: — бесік жасайтын шеберлер аса ынсапты, ниетті келеді. Олар киелі дүниенің бағасын аспандатпау керегін жақсы біледі, балам.

Әкесі: — мына бесік неден жасалған?

Қария: — Қазақтар бесікті қарағайдан, қайыңнан, көбіне талдан жасайды. Бесікті «тал бесік» деп атаудың сыры осында. Бесік көшіп-қонатын қазақ тіршілігіне өте ыңғайлы. Оны түйе үстіне, өзге жүктермен қоса артып жүре береді. Кейде бала бөленген бесікті де осылай алып жүретін болған. Себебі «баланың ұйқысын бұзған періштенің үйін бұзғанмен барабар» деп ұққан.

Әкесі: — ал мынау не ілініп тұрған.

Қария: — ол бесіктің бір түрі – аспалы бесік.

Әкесі: — мақұл, ата.

Әңгімеңізге рахмет. көп нәрсені білдім. Алайын бесікті. Мінеки 20 мың теңге.

Қария: — мынауың жөн. Сәбиің ғұмырлы болсын, халқының қалаулысы, елінің елеулісі, қоғамның бетке ұстар азаматы болсын.

Әкесі: — рахмет ата, сау болыңыз.

2-көрініс. Бесікке салу.

Үйдің ішінде дастархан жаюлы. Қыз-келіншектер кәде-жораларын, шашуларын алып келіп жатыр.

Келгендер: — Сәбидің бауы берік болсын!

Үйдегілер: — Төрлетіндер, төрлетіндер!

Дастархан басындағы әңгіме:

Келгендер: — Апа, баланы неге бесікке салатын болдыңыздар?

Апасы: — Қызым, саудың асын ішіп, жындының сөзін сөйлегенді қашан қоясындар, осы? Бесік деген қасиетті, киелі, құтты мүлік, сәбидің алтын ұясы болып есептеледі.

Әжесі: — Бесік туралы мынадай әфсана бар. Ертеде жоңғарлар шапқыншылығынан соң тоз-тоз болған ел тау жаққа қарай босып, үдере көшкенде аяғы ауыр жас келіншек бос бесікті

арқалап бара жатқан көрінеді. Сонда Төле бимен қатар келе жатқан кісі: «Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқаны-ай!» дегенде, Төле би: «Баланың бесігі — кең дүниенің есігі ғой», -деген екен.

Келіншектердің біреуі: — «Бесікке салған бала өспейді, оның бойында қан жүгірмейді, аяқ-қолы қисық болады» дейді ғой.

Әжесі: — тек /жекiп/, оның бәрі бекер айтылып жүрген әңгіме. Бесікке баланы қазақ ешқашан да күндіз-түні матап байлап тастамаған. Бесіктегі сәбидің дене бітімі түзу, қол-аяғы түзу, ширақ болады.

Апасы: — қой, баланы бесікке салайық. Баланы алғашқы бөлеу ұрпақ өсірген, үбірлі-шүбірлі қадірмен әйелге тапсырылатын ырым бар. Ендеше, Жамал апа, сіз көпті көрген,

ұлын

ұяға,

қызын қияға қондырған қадірменді өнегелі тәтесіз. Бесікке сіз салыңыз баланы. Сіздің жолыңызды берсін мына отырған жас қыз-келіншектерге.

Жамал апа: — жақсы, баланы шомылдырып болыңдар онда.

Апасы мен анасы кетеді, баланы шомылдырып, өс-өс жасайды:

Өс-өс!

(балдырғанның қол-аяғын созу)

Өс-өс, балам, өсе бер,

Батыр бол – балуан білекті,

Батыл бол – таймас жүректі.

Аяғыңды созайық,

Саусағыңды жазайық.

Етті болсын балтырың,

Епті боп өс, жарқыным.

Анасы баланы бөлеген соң, апасы: — Шақыр кісілерді.

Қыз-келіншектер бөлмеге кіреді.

Жамал апа: қане, бесікті әкел. Бесік – өмірге жаңа келген періште сәбидің ақ отауы, оның ер жеткенде ардақ тұтар асыл бұйымы, мұны білген абзал. Бір балалар: апа, мына бесік тесік қой.

Жамал апа: ол әдейі жасалған тесік. Бұл тесік балаға тазалық, алаңсыз ұйқы сыйлайды. Алдымен тыштырма жасайық. /тыштырма ырымы — түбектің тесігінен» тышты ма» деп тәтті

тағамдар өткізіп, балаларға үлестіреді./ Бұл жас нәрестенің ішкі ағзалары ауырмасын дегендік.

Жамал апа: Енді бесік кертпе деген бар. Бесік кертпе – отқа табыну дәуірінен қалған ырым. / шымшуырды отқа қыздырып, сонымен бесіктің басын, арқалығын қарып кетеді. Оттан жын-шайтан, дерт-дербезе қашады-мыс. Бұл алаумен аластаудың бір түрі./ Осыдан кейін отпен аластайды, баланы бөлейді.

Жамал апа: Енді бесікті аластайық.

Бесікті аластау

Алас, алас,

баладан алас,

Иесі келді, пәлесі көш!

Алас, алас, бәледен алас,

Көзі жаманның көзінен алас!

Тілі жаманның тілінен алас!

Қырық қабырғасынан алас,

Отыз омыртқасынан алас!

Алас, алас, аласы,

Келді, міне, баласы.

Көш, көш, пәлесі,

Келді, міне, егесі.

Аталарың ақырса, одан қорықпа,

Аналарың, ағаларың шақырса,

одан қорықпа,

Ойнақтаған лақтан қорықпа,

Сылдыраған бұлақтан қорықпа.

Тулаған тайдан,

Қуалаған ботадан қорықпа!

Маң төбеттей ұйқылы бол,

Түлкінің баласындай күлкілі бол.

Алас, алас, аласы,

Келді, міне, баласы.

Ұйықтап дем алсын, Қунап оянсын!

Осыдан кейін бір-екі қыз-келіншектің көмегімен бесікті жабдықтайды.

Балалардың біреуі /шүмекті нұсқап/: мынау не?

Жамал апа: Мынаны шүмек дейді, шүмекті қойдың асықты жілігінен жасаған, ол айрықша аппақ болу үшін сүтке қайнатылады.

Балалардың біреуі /түбекті нұсқап/: ал мынау не?

Жамал апа: Ал мынаны түбек дейді. Түбектің түбіне күл салып қоятын болған, оның бір себебі бесікті тербеткенде нәрестенің зәрі шайқатылмау үшін, ал екіншісі оның күлге төгіліп,

жылы бу шығарып тұруы үшін жасайды.

Балалар: олар не үшін керек: Мұның бәрі сәбидің денсаулығына пайдасы өте зор. Ол баланың

тазалығына өте қолайлы, мына арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына жағдай жасайды. Бұл анаға да қолайлы. Бала да өзінің құрғақ, ұядай жылы жатын орнында алаңсыз ұйықтайды.

Жамал апа: ал енді бесікке бөлейік.

Осы кезде бір балалар бесікті тербетеді.

Әжесі: қой балам, бос бесікті тербетуге болмайды.

Балалар: мыналарды қарашы. Кіп-кішкентай көрпелер. Қандай әдемі!

Жамал апа: Бесіктің жабдықтарын барынша әдемілеп жасаған. Түбегі мен шүмегінен басқа, құс төсек, жастық, қолтық жастық, тізе жастық, жөргек, қолбау, тізебау, екі тартпасы дегені болады және олар ешқашан сүреңсіз сұр түсті маталардан тігілмеген. Кішкентай көрпешелері де мүмкіндігінше ашық түсті маталардан тігіледі.

Апасы: Бесіктің басына үкі тағады. Өйткені бала әсемдікке, әдемілікке бесікте жатқан кезден бастап үйренуі керек. Бала бесікте көп жатады. Бесік — баланың жылы ұясы.

Әжесі: Бесік — баланың ұйқысын ғана күзетіп қоймайды, оны халық сенімі бойынша, жын-шайтаннан да қорғайды. Сол үшін де халқымыз бесікті 7 затпен жабдықтаған. Олар — көрпе,

қамшы, жүген, шапан, тон, кебенек, шекпен. Баланы әруақтар қорғап жүрсін деп, ата-бабадан қалған сырт киім, ел тізгінін ұстар азамат болсын деп, аттың тізгінін, ел арасында айбынды болсын деп, қамшы қояды.

Апасы: Сондай-ақ бесік баланы кездейсоқ құлаған заттан, суық пен ыстықтан қорғайды. Пәле-жаладан сақтасын деп ырымдап, оған үкі тұяғы, жыланның бас сүйегі, кірпі терісі сияқты заттар да тағып қояды.

Жамал апа: Егер баланы бесікке бөлемесе, ол анасының жанында ұйықтағасын оның иісін алып, онсыз ұйықтай алмайды. Ұйқысы жиі бұзылады. Ал ұйқының дұрыс болмауы баланың психикасына кері әсерін тигізеді. Анасының ұйқысы да жиі бұзылады. Ағзасы дұрыс

демалмаған

ана шаршайды.

Бесікке бөлеу

Мойнымдағы тұмарым, Тарқамайтын құмарым.

Тағдыр берген алсын деп, Ақ бесікке салсын деп.

Мойнымдағы маржаным, Қорадағы мал-жаным.

Бесігіңе жата ғой, Тәтті ұйқыға бата ғой.

Балам жатсын бесікке, Пәлесі қалсын есікте.

Бесіктен шешіп аларда Анасы шешіп алсын,

Ұйқысы бесікте қалсын. Балам бесіктен шықсын,

Пәлесі есіктен шықсын.

Әжесі: Ал, Жамал, мынау сенің сыйың. */Жамал апаға және оның көмегішілеріне көйлек-жабдық сияқты сый тартылады.*

Әжесі: бата береді:

Көтерейік білекті,

Нұрға бөлеп жүректі.

Бөбекке бата берейік,

Ағынан айтып тілекті:

Сәбиіміз сүйкімді болсын,

Өнер-білімге икемді болсын,

Бәйтеректей бойшаңданып,
Өрен, өршіл, өркенді болсын!
Жақсы жолды таңдасын,
Жамандық тәлім алмасын!
Даналардың дәстүрін,
Жаңаласын, жалғасын,
Шұғылалы шуақты күн кешсін,
Басын сұр бұлт шалмасын,
Қос топшысы талмасын,
Қырандай биік самғасын!
Апасы: — Ал енді, қызым
бесік жырыңды айтып, сәбиіңді ұйықтата ғой.

*Анасы бесіктің теріс
жағынан отырады.*

Апасы: бесіктің теріс
жағынан отыруға болмайды. Оң жағынан отыру керек.

Анасы жай үлдетте бастайды.

Апасы: жоқ, қызым, бесік жырын үйренгенің жөн. Бесік жыры баланың дүние танымының ерте кеңеюіне жол ашады. Қазақ халқының балаларының тілі ерте шығып, жатық сөйлеуінің кілті — осы бесік жырында жатыр. Өйткені баяу ырғақпен айтылған анасының әлди туғаннан баланың құлағына сіңеді. Ана баланы әннің ырғағымен тербетеді. Өкініштісі, бүгінде бесік жырын әндететін ана аз. Міне осыны жаттап ал-деп бесік жырын айтады.

Бесік жыры

Қолымыздан іс алып

Мойыныңа күш алып

Бізді бағар ма екенсің?

...Жаудан жылқы айырып

Жігіт болар ма екенсің?

...Ақыры жауға тиісіп

Батыр болар ма екенсің?

...Түрлі ою ойысып

Шебер болар ма екенсің?

...Сөйлегенде сөз бермей

Шешен болар ма екенсің?

...Ұлы топта күрескен

Палуан болар ма екенсің?

...Төрт құбылаң тең келген

Төре болар ма екенсің?

Әжесі: Ардагер ұстаз-ғалым Рамазан Жәшиевтің айтуынша, бесік жырында түрлі фонетикалық дыбыс кездеседі. Ашық-қысаңы да, жуан-жіңішкесі де, қатаң-ұяң, үндісі де бар.

«Әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат бөпем...» бәрі бар. Оның үстіне сазды, әуенді болып келеді.

Жамал апа: Сәби бесікте жатқанда анасының ұлағатты әнін естіп, бойына тәрбиелік мазмұндағы, рухани өнерді өз ана тілінде қабылдайды.

Қыз-келіншектер: рахмет сіздерге. Бүгін біз сіздерден көп нәрсе үйрендік.

Әжесі: Біз сіздерге үйретеміз, сіздер балаларыңызға үйретіп отырыңыздар. Сонда ата бабамыздан қалған қазақтың әдет-ғұрпы, дәстүрі, мәдениеті, тілі өлмейді.

Қорытынды бөлім Ал, балалар! Бүгін біз көп дүниені білдік. Қанеки, айтыңыздаршы бесікке қатысты тыйымдар мен ырымдар.

- Бос бесікті тербетуге болмайды.
- Бесікті сатуға болмайды. Бесікті саудаламайды. Айтқан бағасына сатып алу керек.

- Кез келген адамға беруге болмайды.
- Аяқ астына тастауға болмайды.
- Бесіктің өзін отпен аластап қояды.
- Бос бесікті еш уақытта жабусыз қалдырмау керек.
Үстіне ақ мата жауып, ең болмағанда ұршығына орамал байлап қою қажет.
- Бесіктің теріс жағына отырмайды.

Бесік жасайтын шеберлер ынсапты болуы тиіс. Киелі дүниенің бағасын аспандатпауы керек.

- Ал енді қыздарымыз бесік жырын айтсын.

«**Бесік жыры**» Қасым Аманжолов

Қыздарға үлестіріп беріп жатқа айтқызу /қолына қуыршақ бөлеп ұстатып, әндетіп немесе мәнерлеп айтқызу/

Әлди, әлди, әлпешім! Ұйықта деймін, ұйықтайсың.
«Мә-мә» берсем қайтесің, Ұйықта десем, ұқпайсың.
Жоқсың бүгін көз ілген, Көп ісімнен бөгедің.
Жаудыраған көзіңнен!.. Ұйықтай қойшы, бөбегім.
Әлди,әлди, әлди-ді, Әлди біздің қалғиды.

Ұйықта десем, күлесің, Айналайын күлкіңнен!
Ер жеткен соң білесің, «Тұр-тұрлармын» бір күн мен.
«Кешіктің, — деп, — сабақтан», Тыншыңды алсам «тұр-тұрлап»,
«Жоқ қой әлі таң атқан», Деп жүрмеші бұртындап.
Әлди, әлди, әлди-ді, Әлди біздің қалғиды.

Ұйықта, бөпем, ұйықтай ғой Ұйықтайтын бұл шағыңда.
Қызық өмір — думан той Тұр ғой күтіп алдыңда.
Ұйықтап өткен не табар Бұл өмірге бекер кеп?
Ұйықта, бөпем, ұйықтап ал, Ер жеткен соң бол сергек!
Әлди, бөпем, бөпемсің, Кім боп шығар екенсің?

Күлімдейсің — күнімсің, Батар дағы күн шығар.
Үлдейсің — күйімсің, Күй де бір кез тыншығар.
Сен де тынық бір мезгіл, Толқып кана жат, бөпем.
Аспанымда жүзе біл, Айым менің — ақ бөпем!
Әлди, өлди, әлдиім, Назды, нәзік ән-күйім!

«Жыл басы-Наурыз» «Әжелердің бесік жыры» атты мерекелік шараның ақпараттамасы

Мақсаты: Қазақ халқының ежелден сақталып, атадан балаға мұра етіп қалдырған салт- дәстүрін, наурыз мейрамының мәнін түсіндіру, әрі дамыту және көркейту. Бұлдіршіндердің ойлауын дамыта отыра, ой қиялын, өрісін, іздену негіздерін дамыту. Балаларды ұлтжандылыққа, имандылыққа, инабаттылыққа, халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеуге, сақтауға тәрбиелеу. Наурыз қазақтың шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Наурыздың 22-де күн мен түн теңеледі, қыс өтіп көктем келеді. Тіршілік басталады. Қазақ халқы үшін үлкен мейрам – Жаңа жыл Наурыз мерекесі туралы түсінік берді.

Сондықтан біріншіден Наурыз тепе-теңдік мерекенің негізгі арқауы, мәңгі деп есептелген. Наурыз мерекесі — өткенге салауат айтып, келер күннен береке тілеп, ақ көңіл, адал жүрек адамдарды табыстыратын қасиетті мейрам. «Бірлік болмай, тірлік болмас», — деп, Наурыз – еліміздің баянды бірлігі мен ұйыған татулығының мерекесі туралы ашып айтты. Балалар тақпақ айтып, ән салып, би билеп, ұлттық ойындар ойнап көңіл күйлерін көтерді. Балалар **«Жыл басы»** қойылымын сахналап ойнап берді. Қойылым әсерлі де, қызықты болды.

«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» бойынша жобалау әрекетін ұйымдастыру және Елбасы мақаласында қарастырылған ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру мақсатында бүгін— тұрмыс-салт жырларының көне түрінің бірі болған **«Бесік жыры»** туралы айтып, сахналап көрсетті.

Мақсаты: Әлем халықтарының бесік жырлары әр елде әр түрлі аталғанымен, атқаратын міндеті, мазмұн байлығы, поэтикалық құрылымы мен саз-әуені жағынан үндесіп, бесік жырының басты қызметі-бесік тербелісіне ыңғайлас сазды әуен, ырғақты сөзбен баланы тыныштандыра отырып, оның жан жүйесі мен санасына ұлттық тәрбиенің алғашқы нәрін сіңіру.

Бесік жырларын мазмұны мен поэтикалық құрылымына қарай дәстүрлі бесік жырлары және суырып салма бесік жырлары деп екі топқа бөлуге болатынын айтты.. Олар: “Әлди, әлди ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем!” деген ана мейіріміне толы өлең жолдарымен басталып, баланы жұбататын, алдандырып тәтті ұйқыға батыратын шумақтарға ұласатынын айтып әжелердің «Бесік жыры» атты қойылым қойды. Қойылымға әжелер қатысып бесікке салу дәстүрімен жалғастырып, бесік жырын айтып берді.

Балалар өте көңілді, қызығушылықпен қатысты.

Әдіскер



М. Ибадуллаева

16.03.2021ж

Ұлы Жеңістің 74 - жылдығына тыл ардагерін шақыру және мерекелік шараның ақпараттамасы

06.05.2021 жылы «9 мамыр Жеңіс күніне» күніне арналған «Жеңіс туы желбіресін» атты МАД топтарының мерекелік шарасына Ұлы Отан соғысының тыл ардагері Қарабаев Джумахан қонаққа келді. Ол өзінің тылда қалай жұмыс жасағанын балаларға айтып берді. Балаларды адамгершілікке, Отанын сүйуге, оны қорғаудың мақсаты неде екенінайма отырып, Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, оларға патриоттық тәрбие беру, өз елін, жерін қастерлейтін саналы да парасатты елжанды-ұлтжанды азамат болу керектігін кеңінен ашып түсінік берді. Оған рәхметі ретінде педагогтар мен баллар концерттік бағдарлама қойып берді. Соңында мекеме басшысы сыйлықтар беріп ризашылығын білдірді.

Әдіскер



М. Ибадуллаева

06.05.2021ж





Тыл ардагері Қарабаев Жұмахан бөбекжай педагогтері естелік сурет





«Балауса» ортаңғы тобы, 7 Мамыр Отан қорғаушылар күніне өткен ашық оқу қызметіне үзінді суреттер.



«Қарлығаш» МАД тобы, балалар ән айтып, би билеп өз өнерлерін көрсетті.



«Болашаққа бағдар» «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шараларының 2020-2021 оқу жылына арналған қорытынды есебі

2020-2021 жылдың мақсат міндеттері -Балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу міндеттерін іске асыру «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының арнайы жобаларын ескере отырып жалғастыру. Мектепке дейінгі ұйымдарда 13 арнайы жобалардан балалардың жас ерекшеліктерін және бағдарламалық талаптарды ескере отырып, «Туған жер», «Ұлы даланың ұлы есімдері», «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» бойынша жобалау әрекетін ұйымдастыру. Елбасы мақаласында қарастырылған ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру болатын. Осы оқу жылдарының жоспары 2021-жылдың сәуір айына дейін толық орындалып келді. Оған дәлел әрине, жоғарыда көрсетілген материалдар жинағы. Осы жұмыстарды атқаруда жыл барысында еренбей еңбек етіп көзге түскен педагогтарды мекеме басшысы дипломдармен марапаттап, жас мамандарға үлгі алып арығарай жұмыста табыс, сәттілік, рухтары бийік болуын тіледі

Жаңа жаһандық үрдістер ешкімнен сұрамай, есік қақтастан бірден төрге озды. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұрғандай, біздің балабақшада өте қарқынды жұмыс жасап, керемет жұмыстарды атқарды. «Болашаққа бағдар» «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткізілетін іс-шараларының 2020-2021 оқу жылына арналған жоспарын толықтай орындады.

Барша педагог қауымы әсіресе, жас ұрпақ жаңғыру жөніндегі осынау ұсыныстардың маңызын терең түсінеді деп сенемін. Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді.

Әдіскер:



А. Шангреева

28.05.2020ж